

Этил спиртін өндіруді жүзеге асырушы ұйымдарда этил спиртін бақылау есебі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық Комитеті Төрағасының 2004 жылғы 27 ақпандағы N 88 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 23 наурызда тіркелді. Тіркеу N 2758. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 25 қыркүйектегі № 439 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2012.09.25 № 439 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

"Этил спирті және алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі Заңының 7-бабының 5-тармағына сәйкес бұйырамын:

1. Этил спиртін өндіруді жүзеге айырушы ұйымдарда этил спиртін бақылау есебі жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің Акциздерді әкімшіліктендіру басқармасы (Ким Р.Ю.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің Акциздерді әкімшіліктендіру басқармасына (Ким Р. Ю.) жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеу күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға

"Этил спиртін өндіруді жүзеге асырушы ұйымдарда этил спиртін бақылау есебі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігінің Салық комитеті

Төрағасының

2004 жылғы 27 ақпандағы

N 88 бұйрығымен

бекітілген

Этил спиртін өндіруді жүзеге асырушы ұйымдарда

этил спиртін бақылау есебі жөніндегі нұсқаулық 1 бөлім. Этил спиртін бақылау есебіне арналған

спиртті өлшеу аппараттарына қойылатын

негізгі талаптар 1. Жалпы ережелер

1. Осы Этил спиртін өндіруді жүзеге асырушы ұйымдарда этил спиртін бақылау есебі жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) этил спирті (бұдан әрі - спирт) тиімді есепке алу мақсатында "Этил спирті және алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 5-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Негізгі талаптар

2. Спирт пен спирттің негізгі фракциясын өндіру міндетті түрде спиртті өлшеу аппараттарымен жарактандырылады, ол мынадай деректерді спиртті өлшеу аппараттарының есептегіштеріне үздіксіз өлшеуді және беруді жүргізеді:

өндірілетін спирттің көлемі және сусыз немесе олардың мәндерін индикаттауға алған ақпаратты шығаруға (электрондық аппараттар үшін) спиртометрикалық тетік арқылы көлемдік көрсеткішін қайта құру жолымен алған сусыз спирттің саны туралы;

спиртометрикалық тетікті қолданбай спирттің негізгі фракциясының көлемі туралы.

3. Спирт пен спирттің негізгі фракциясын есепке алуға арналған спиртті өлшеу аппараттары қызмет көрсету мен бақылауды жүргізу мүмкін болатын, оның ішінде жымқыру мүмкіншілігін болдырмау мақсатында орналастырылады.

4. Спиртті өлшеу аппараты боза айыратын (боза айдайтын) қондырғы тұрған немесе аппаратқа барлық жақтан еркін және ыңғайлы бара алу қамтамасыз етілетіндей және көлемді және сусыз есептегіштердің көрсеткіштері анық көрінетіндей қарау шамының спирт желісінде, онымен аралас үй-жайда орнатылады.

Спиртті өлшеу аппараты спиртті бір сағат, ауысым, тәулік және одан жоғарыға боза айыру және боза айдау барысына бақылау жасау үшін қызмет көрсетуі тиіс. Аппараттардың дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін спирт өндірістерінде спирттің температурасын тұрақтандыратын жүйе орнатылуы тиіс. Сусыз спирт мөлшерін есепке алудағы салыстырмалы кінәраттық өлшегіш және

спиртті өлшеу аппараты бойынша + 0,5 % аспауы тиіс.

5. Спиртті өлшеу аппараты мынадай талаптарға жауап беруі тиіс:

- спирттік, сулы спирттік ерітінді және құрамында қанты қоймалжың ортада
т ұ р а қ т ы ж ұ м ы с і с т е у ;

- жұмыстың температуралық режимі 0-ден 40 С-қа дейін;

- тексеру аралық уақыт қашықтығы спирт кемінде алты ай;

аппараттың спиртті сұйыққа тікелей тиіп тұратын бөлігі тамақ өнеркәсібінде
қолдануға рұқсат етілген материалдардан жасалуға тиісті;

- өспелі көрсеткішпен есепті жүргізуге арналған зерделі (егер аспап
электрондық болса) сыйымдылықпен;

- жұмыстағы үзілістер жағдайында көрсеткіштерді сақтау, уақытты тіркей
отырып есептегішті оқшаулау және тоқтаған сәттен бастап көрсеткіштерді
ж а ң а р т у ;

- рұқсатсыз араласушылыққа жол бермеу (код, кілт, пломба, голографиялық
ж а п с ы р м а т . б .) ;

- кідірістерден және сыртқы әсерлерден қорғаулы болу электрмен
жабдықтауда (егер аспап электронды болса) апат жағдайындағы кідіріс кезінде
кемінде 3 тәулік жұмысты автономиялы түрде жалғастыру;

- аспаптың жарылыстан және өрттен қауіпсіз болуы.

6. Спиртті өлшеу аппараттың техникалық паспорты, мемлекеттік және орыс
тілдерінде нұсқаулығы, гигиеналық сертификаты, өлшеу құралдарын мақұлдау
туралы сертификат пен жұмыстарының кестесі болуы тиіс.

7. Этил спирті мен спирттің негізгі фракциясын бақылау есебіне арналған
спиртті өлшеу аппараты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық
комитеті өкілінің қатысуымен қолданысқа енгізіледі, ол туралы қолданысқа
енгізу жөнінде еркін нысанда акті жасалады.

8. Айыру колоннасынан спиртті өлшеу аппаратына дейін киістірме
жалғамаларды, қондырғының тораптары мен тетіктеріне қатысты жерлердің
бәрін, ақпаратты ажырату, тіркеу және жіберу "жолдары мен бақылау
аспаптарының көрсеткіштеріне әсер ететін басқа да құрылғыларды, сондай-ақ
спиртті өлшеу аппаратын міндетті түрде Қазақстан Республикасының Қаржы
министрлігі Салық комитетінің өкілі пломбалауы тиіс, ол туралы пломбалау
жөнінде акті жасалады.

**2 бөлім. Спиртті өндіруді жүзеге асырушы ұйымдарда
спиртті бақылау есебі**

**3. Спиртті, оны өндіру кезінде бақылау есебінің
мақсаты мен қажеттілігі**

9. Бақылау есебінің мақсаты боза айыру және спиртті айдау барысына бақылау жасау, сулы спирт ерітіндісі мен сусыз спиртке қайта есептеумен оның құрамындағы өндірілетін спирт көлемін үздіксіз өлшеу және бақылау есебі б о л ы п т а б ы л а д ы .

10. Спиртті, оны өндіру кезінде бақылау есебі спиртті өндіруді жүзеге асырушы ұйымдарда (бұдан әрі - спиртті өндіруші - ұйымдар) спиртті өлшеу аппараттары мен деректерді берудің телекоммуникациялық құралдармен (бұдан әрі - деректерді беру құралдары) жарақтандыру және қолдану жолымен іске асырылады.

11. Спиртті өндіруші - ұйымдар спирт пен спирттің негізгі фракциясын өндіру өндірісті дұрыс, ретке келтірілген (өлшеу құралдарының ақаулықтарын техникалық талаптарға сәйкес келетін мәндерге дейін жеткізу жөніндегі операциялардың жиынтығы), пломбыланбаған аппараттармен жарақтандырусыз және спиртті есепке алу жөнінде құжаттамасыз өндіруге тыйым салынады.

4. Өндірілетін спиртті өлшеу мен есепке алу

12. Өндірілетін спирттің мөлшерін өлшеу мен есепке алу спиртті құю бөлімшесінен спиртті спиртті сақтау қоймасына бергенде І-класты өлшегіштермен өлшеудің нәтижелері бойынша жүргізіледі.

13. Сусыз спиртті өлшегішпен өлшеудің нәтижесі бухгалтерлік есеп үшін бірден-бір өлшем болып табылады.

14. Сусыз спирттің мөлшерін өлшегіш (Vm) және аппарат (Va) бойынша өлшеудің нәтижелерін салыстырумен осы шамалардың декалитрлердегі және проценттегі (кінәраттық) арасындағы сандық айырмашылық айқындалады.

15. Кінәраттық есебі мына формулалар бойынша жүргізіледі:

$$\text{абс. С} = \text{VM} - \text{Va} \quad \text{және} \quad \text{Жүздік} = \frac{\text{V}_m - \text{V}_a}{\text{V}_m} \times 100,$$

мұндағы абс. С - абсолюттік кінәраттық, декалитр (бұдан әрі - дал);

Жүздік - салыстырмалы кінәраттық, %.
салыстырмалы кінәраттық +/- 0,5 % аспауы тиіс.

Мысалы, аппараттың есептегішімен $V_a = 1238,4$ сусыз спирт, өлшегішпен $V_m = 1240,1$ дал ескерілген. Онда аппараттың кінәраттығы мынадай болады:
абс. $C = 1240,1 - 1238,4 = 1,7$ дал,

$$\text{Ж ү з д і к} = \frac{1 \ 2 \ 4 \ 0 \ , \ 1}{1 \ 2 \ 3 \ 8 \ , \ 4} = 0,14\%.$$

16. Сусыз спиртті есептеу кезіндегі абсолютті және салыстырмалы кінәраттық спиртті өндірістен спиртті сақтау орнына беру кезінде әр ретте айқындалады және спирт пен спирт өнімдерін өндіру туралы актінің 3 бөлімінде және оларды спиртті сақтау орнына П-18 нысанда беруде тіркелінеді (1-қосымша) және спиртті өндіруші - ұйымның тиісті бөлімшесі бақылау жасайды.

5. Аппараттардың үлгілері

17. Сулы спиртті ерітінді мен ондағы сусыз спирттің мөлшерін бақылау есебі үшін осы Нұсқаулықтың 1 бөлімімен белгіленген талаптарға сәйкес келетін а п п а р а т т а р қ о л д а н ы л а д ы .

18. Боза айыратын қондырғылардың қуатына қарай бір немесе бірнеше аппарат п а й д а л а н ы л а д ы (2-қосымша).

19. Спирттің негізгі фракцияның мөлшерін есептеу үшін спиртті метрикалық тетігі жоқ аппараттар қолданылады.

Бұл жағдайда есеп тек қана спиртті өлшегішпен жүргізіледі.

20. Сивушты майды және стандартсыз спиртті (қойыртпақтарды) аппараттан өткізуге жол берілмейді.

6. Аппаратты пайдалану

21. Спирт және спирттің негізгі фракциясын спиртті және спирт өнімдерін қабылдайтын бөлімшесінде (ары қарай - құю бөлімшесі) тоңазытқыш, ротаметр, көретін шам және аппарат арқылы құйылады. Бұл ретте көретін шам жарық жақсы түсетін аппараттан бір метрден аспайтын жерге орналасады.

22. Аппараттардың дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін ұйымдарда спирттің температурасын тұрақтандыратын жүйе орнатылуы тиіс.

23. Спирттің температурасын тұрақтандыруға спиртті тоңазытқыш арқылы боза айыру (боза айдау) қондырғысының жұмысы үшін қажет болатын бүкіл салқындатқыш суды қысым багіне беру есебінен қол жеткізіледі.

Бұл ретте салқындатқыш судың спирт тоңазытқышына тиек арматураның құбыр құбырына қондырусыз тікелей сорғыштан келіп түсуін қамтамасыз ету керек. Тоңазытқыштан су еркін шыға алатындай (қысым багіне, бассейнге және т.б.) болуы керек. Суды тоңазытқыштан конденсаторға, дефлегматор мен коллекторға жіберуге жол берілмейді.

24. Спирттің температурасын автоматты реттеу жүйесін қолдану кезінде бергіш спирт құбырында тұйық гильзаға тоңазытқыштан шығатын ауызға орнатылады.

25. Аппаратқа келіп түсетін спирттің температурасын реттеу жүйесіне қарамастан жылдың осы уақыты үшін барынша мүмкін төмен тұрақты температурасы болуы тиіс.

26. Іріктеп алу орнынан колоннадағы тоңазытқышқа, ротаметрге, шамға спирт құбырларын төсеу, аппаратқа және аппараттан құю бөлімшесіне дейін қоюды фланецтік қосылыстар мен қысым арматурасынсыз жүзеге асыру керек.

Аппараттық бөлімшедегі спиртке мүмкін қол жеткізілетін барлық орындар (фланецтік қосылыстар, реттеуші және тірек арматурасы, аспаптар, арматурасын және құбырларының фланецтік қосылыстарын қоса есептегенде) металл қаптармен берік қорғалуы және пломбылануы тиіс.

27. Пломбылау және пломбаны бұзуды Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің қызметкері жүзеге асырады. Пломбылау әр ашылған сайын және көрсетілген орындарда қандай да бір жұмыстар жүргізілгеннен кейін жасалады.

Пломбы қою жерлері туралы үш данадан тұратын тізім жасалады, оның біреуі аппарат бөлімшесіндегі ілінеді, екіншісі спирт өндіруші - ұйымның бухгалтериясында, ал үшіншісі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінде сақталады.

28. Пломбылағыш тістеуіктер мен пломбалар Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінде сақталып және Қазақстан

Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитеті басшысының (оның міндетін атқаратын тұлғаның) маманды спирт өндіруші - ұйымға іссапарға жіберу туралы бұйрығының негізінде беріледі. Тістеуіктердің бедерін, бір жолғы пломбалардың нөмірлерін, серияларын және түсін, тістеуіктер мен бір жолғы пломбаларды алу мен қайтару күнін көрсетумен тістеуіктер немесе пломбаларды алу мен қайтару туралы қолхат беруді көздейтін еркін нысанда журналға жазба ж а с а л а д ы .

29. Спирттің мөлшерін есептеуді бақылау жөніндегі жұмысты жүргізу үшін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитеті аппараттарға қызмет көрсету және спирттің мөлшерін есептеу бойынша "Өндірілетін спиртті автоматты есептеу" атты мақсатты бағдарлама негізінде арнаулы оқу курсынан өткен және куәлік алған, жоғары білімі бар қызметкерлердің арасынан м а м а н д а р д ы т а ғ а й ы н д а й д ы .

30. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің негізгі мақсаты өндірілетін спирттің есептелуінің дұрыс жүргізілуіне, спирт және спирт өнімдерін өлшеу және беру құралдарының техникалық жай-күйіне (мөлшеріне, шоғырлануына және температурасына), осы өлшеу құралдарына тексеру жүргізілуіне және пломбының қойылуына жүйелі түрде бақылау жасау б о л ы п т а б ы л а д ы .

31. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің қызметкерлері өз жұмысында осы Нұсқаулықты және спирт өндірісі мен айналымын реттейтін және өзге де құқықтық-техникалық құжаттарды, сондай-ақ осы жабдықтарды орнату мен беру құралдарының аппаратты-технологиялық кестесін басшылыққа алады, өлшегіш құралдардың техникалық жағдайларын тексеруді жүзеге асырады, спирттің бастапқы есепке алу жағдайларын тексереді, спирт шаруашылығына ревизия жүргізеді, бұзушылықты айқындағанда оларды жоюдың шараларын қабылдайды, аппарат бұзылған жағдайда боза айыру қ о н д ы р ғ ы л а р д ы ж а у ы п т а с т а й д ы .

32. Өндірілетін спиртті есептеуге және аппараттардың және беру құралдарының дұрыс пайдаланылуын байқауға байланысты жұмыстарды орындау үшін спиртті өндіруші - ұйым басшысының бұйрығымен лабораторияның меңгерушісі бас (аға) бухгалтер немесе оның орынбасары, бас инженердің (техникалық жетекшінің) төрағалығымен спиртті есептеу жөніндегі тұрақты түрде жұмыс істейтін комиссия тағайындалады.

Аталған Комиссия өндірісті тоқтатқанға немесе кезекті жоспарлы ретке

келтіргенге дейін 15 күн бұрын, сондай-ақ спиртті өндіруші-ұйымды қосу алдында спиртті өндіруші-ұйымға есептік Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің қызметкерін жіберу туралы хабардар етеді, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетіне көрсеткіштердің шектіден жоғары әрбір фактісі, аппараттың және ақаулары туралы дереу хабарлайды және салынған пломбалардың қорғалуын қамтамасыз етеді, пломбыны жұлу және (немесе) бүлдіру аппараттарды пайдалану тәртібін бұзу болып табылады.

7. Аппараттарды жөндеудің түрлері

33. Беру құралдары мен аппараттарды апару, орнату және жөндеу (ағымдағы және күрделі жөндеу) мен қосалқы бөлшектерді сатып алуды ұйымдар өздерінің е с е б і н е н ж ү р г і з е д і .

34. Аппараттарды ағымдағы жөндеуді спиртті өндіруші ұйымдар жүргізеді. Барлық бөлшектері мен тораптары дұрыс күйдегі аппараттар ағымдағы жөндеуге жатады. Бұл жағдайда есептегіштерді бөлшектеу және тазалау, барлық тораптарын реттеу, ал электрондық аппараттарда - жүйелер блогы мен телефон модемінің арасындағы кабелдік байланыс желілерінің контактілерін тазалау жүргізіледі. Тозған бөлшектер қосалқы бөлшектермен ауыстырылады.

35. Аппараттарға ағымдағы жөндеу тазалау, ретке келтіру және метрологиялық тексеру мынадай мерзімдерде жасалады:

1) спиртті өндіруші ұйымдарда орнатылған аппараттар алты айда бір рет а ш ы л а д ы ;

2) сусыз спирттің мөлшерін есептеуде $\pm 0,5\%$ ауытқушылық болған кезде аппараттар мерзімінен бұрын ашылады;

3) спирттің негізгі Фракциясының мөлшерін өлшеу үшін орнатылған аппараттар 6 айда бір рет немесе снарядтың есептеу бөлшектері ақауланған кезде мерзімінен бұрын ашылады .

36. Бөлшектерінің бір бөлігі немесе тораптары істен шыққан аппараттарды күрделі жөндеу аппаратты дайындаған ұйымда немесе аппараттарды жөндеуге мамандандырылған ұйымдарда (бұдан әрі - мамандандырылған ұйымдар) ж ү р г і з і л е д і .

37. Аппаратқа күрделі жөндеу жүргізу үшін негізгі ақауларға мыналар: жетекші доңғалақтың және оның подшипниктері біліктерінің тозуы;

көрсеткіш сілтегіштің түпкі тістерінің тозуы;
спиртометрикалық тетіктің жұмыс істейтін бөлшектерінің тозуы;
қалтқы мен өлшегіш барабанның майысуы.
Электрондық аппараттар үшін айырбастауға:
шығыстарды өлшеуіш;
аппаратты өңдеу блогы;
қайта қалыптастыру блогы жатады.

38. Қалтқылар мен ретке келтіру гірлері жөндеуге жіберілмейді. Қалтқы жарамсыз ретінде істен шығарылады, ал одан алынған спирт еркін нысандағы акт бойынша қайта өңдеу үшін спирт өндірісінің бастығына өткізіледі.

39. Өндірістік маусым кезінде (спирт өндіруші ұйымдарды іске қосудан күрделі жөндеуге тоқтағанға дейін) бір аппаратты екінші аппаратпен ауыстырғанда, алынған аппараттың есептегішіндегі соңғы өлшем жаңадан қосылған аппаратқа (электрондықтан басқа) ауыстырылады.

8. Спирт өндіруші ұйымдарды аппараттармен жарақтандыру

40. Аппарат арнаулы тұғырға орнатылады, ол аппараттың орнықты жағдайын қамтамасыз ете және оның тербелісін болдырмайтындай ете отырып арнаулы металл қаңқаға бекітіледі.

41. Тұғырдың еденнен жоғарғы алаңшаға дейінгі биіктігі аппараттың қалыпты қызмет көрсетуін қамтамасыз етеді. Тұғырға таба орнатылады (электрондықтан басқа). Аппаратты орнату кезінде табаның барлық жағынан кемінде 50 миллиметр кеңістік қалуы тиіс. Табанын түбінде бекіту болттарына және құйғышты орнатуға немесе аппараттың сифонды және бөлу түтікшесі арқылы келіп түсетін спиртті бөлуге арналған дәнекерленген түтікшесі бар қорап үшін тесік көзделеді.

42. Тұғырдың астына аппараттың (электрондықтан басқа) сифондық және бөлу түтікшелерінен келіп түсетін спиртке арналған сыйымдылығы 1-3 дал металл бак немесе шыны шөлмек (бөлу ыдысы) орнатылады.

43. Металл бак онда спирттің бар-жоғын анықтауға арналған қуыс бұрғымен жабдықталуы тиіс. Қуыс бұрғының ішкі түбінде оның бақтан (электрондықтан

басқа) шығуына кедергі жасайтын қалыңдамасы болуы тиіс.

44. Бақтың немесе шөлмектің (электрондықтан басқа) оларды пломбылау үшін құрылғылары болуы тиіс.

45. Шөлмек (электрондықтан басқа) бүлінуден берік қорғалуы тиіс.

46. Аппаратты (электрондықтан басқа) тұғырға орнату, бекіту болттары платформаның иірімдеріндегі тесік арқылы өтетіндей, ал сифондық және бөлу түтікшелері құйғыштың үстінде болатындай етіп жүргізіледі. Аппаратты болттармен бекіткен соң оның орнатылуының көлбеулігі тексеріледі. 2С-ға дейін ауытқуға жол беріледі.

47. Электрондық аппараттарды монтаждауды аппаратты дайындаған ұйымның немесе оны пайдалануға арналған есепке алу жүйесін монтаждау мен жөндеуді орындайтын мамандандырылған ұйымның күшімен жүргізеді.

48. Спирт тоңазытқышы мен аппараттың арасында тексеру шамы орналасады. Мұндай шам спиртті іріктеп алудың барысын байқау үшін қызмет етеді, онда орнатылған термометр мен спиртометр бойынша өндірілетін спирттің шоғырлануы мен температурасы айқындалады.

49. Қоршаған ортаның әсерін болдырмау үшін спирт құбыры спирт тоңазытқышынан шамға дейін және шамнан спирт өлшейтін аппаратқа дейін жылу оқшаулағышпен мығым оқшаулануы тиіс.

Қажет болған жағдайда тексеру шамының алдына спиртті түрлі тұрғыдағы механикалық қоспалардан тазарту үшін сүзгі-конденсатор орнатылады.

50. Спирт құбырының тексеру шамынан спирт қабылдағышқа дейін еңістігі құю бөлімшесінде спирт барынша көп іріктелген кезде өтуін қамтамасыз етуі және 2-ден 10%-ке дейін еңіс болуы тиіс.

51. Аппаратты орнату техникалық сипаттамаға, пайдалану, тексеру құралдары мен әдістері жөніндегі нұсқаулыққа, аппарат төлқұжатына сәйкес жүргізіледі.

9. Аппаратты (электрондықтан басқа) қолданысқа дайындау және метрологиялық сипаттарын айқындау

52. Аппаратты тұғырға орнатқан соң аппараттың бөлшектері мен тораптарын бөлшектеп алып, тазалау және майлау жүргізеді, бұл кезде спирт алу тоқтатылады. Егер аппарат бөлімінде ретке келтірілген резервтік аппарат болса, спирт сол арқылы босатылады.

53. Аппаратты жинаған және оны спирт құбырына қосқан соң қабылдау цилиндріне жоғарғы барботердің деңгейінен 2-3 сантиметр жоғары болатындай деңгейде спирт қойылады. Осы мақсат үшін 1,8 дал мөлшерінде спирт П-29 нысаны (3-қосымша) бойынша жазылады және ресімделеді.

10. Таразы квадрантын ретке келтіру

54. Таразы квадрантын ретке келтіру: "100", "80" және "50" үш жұп гірлердің көмегімен жүргізіледі. Әрбір жұп гірдің массасы бөлек-бөлек алғанда қалтқының массасы мен сусыз спирттің ығыстырылып шығарылған мөлшерінің, 80% және 50% сулы-спирт ерітіндісінің (тиісінше көлемі бойынша) массасының айырмашылығына тең.

55. Ретке келтіру мынадай әдістеме бойынша жүргізіледі:

1) аспалы прибордың крестовинасына "100" гірлері ілінеді. Таразы квадрантын көлбеу қалыпқа келтіру гiрді айналдырып сілтеме көрсеткішті ұштықтың тәуекелі спиртометрикалық шәкілде 100 белгісімен сәйкес келгенге дейін жүргізіледі;

2) "100" гірлерімен бірге "50" гірлері де ілінеді. Өлшеу барабанын айналдыра отырып шәкілді біртіндеп көрсеткішке дейін жеткізеді және 50 белгісі шәкілде көрсеткіштің ұштығындағы тәуекелмен сай келетін-келмейтіндігін бақылайды. Егер сәйкес келмесе, тік қалыпқа келтіру гiрінің бұрылысымен тәуекелдің 50 белгісімен дәл келуі орнатылады;

3) тәуекелдің 100 белгісімен сәйкес келуі тағы да тексеріледі. "100" және "50" гiрлерін алма-кезек ілу екі нүктеде де толық сәйкес болуға қол жеткізілгенге дейін жалғастырылады;

4) "80" ілінген гiрлері кезінде тәуекелдің шәкілдің 80 белгісімен сәйкес келуі тексеріледі. Барлық үш нүктеде сәйкес келтіруге қол жеткізу мүмкін болмаған кезде таразы квадранты "100" және "80" гiрлері кезінде дәл қалыпқа келтіріледі, ал "50" белгісінде +1-2 тіске ауытқуға жол беріледі;

5) өндірістік маусым басталар алдында аппараттың есептегіштеріне нөлдік цифрлар қойылады.

11. Жетекші доңғалақ бойынша спиртометрикалық тетікті ретке келтіруді тексеру әдістемесі

56. Жетекші доңғалақ бойынша спиртометрикалық тетік жұмыс істеуінің дұрыстығы тексеріледі. Тексеру жүргізу кезінде бос барабанның айналысы қолмен жүзеге асырылады.

57. Тексеру мынадай әдістеме бойынша жүргізіледі:

1) аспалы прибордың крестовинасына "100" ретке келтіру гірлері ілінеді. Өлшеуіш барабан бастапқы күйіне радиалды жапсар тік күйде болатындай етіп орнатылады, бұл ретте эксцентриктің ролигі розеткалар қалақтарының бірінде жоғарғы алаңшада орын алуы тиіс. Жетекші доңғалақтың доғасының он тәуекелінің бірі нониустың нөлдік бөлінісіне дәл қарама-қарсы орнатылады, ол қозғалмайтын тежегіш тетіктің жоғарғы винтімен алдын-ала бекітіледі;

2) барабан сілтеме көрсеткіш шәкілдің және розетка қалағы туралы роликтің соққысынан сытыла отырып қолмен оңнан солға қарай жайлап айналдырылады. 10 "құйылудан" соң әрбір "құйылуды" бастапқы күйінен өзгесіне дейін санай отырып доғаның тәуекелі нониустың нөлдік бөлінісімен сәйкес келген-келмегендігін байқайды. ± 2 мм ауытқушылыққа жол беріледі.

Осы тармақта көрсетілген тексеру "80" гірлері кезінде де жүргізіледі, тек "құйылулардың" саны 25-ке дейін өсіріледі. Сәйкесінше нониус бойынша ± 5 мм ауытқуға жол беріледі.

Жол берілетін шектен ауытқу асып кеткен жағдайда қателікті эксцентриктің білігін бұрумен түзейді. Егер жетекші доңғалақ бойынша есептеуді қайта тексеру түрлі көрсеткіш беретін болса, барабанның айналуы одан суды жіберу арқылы жүзеге асырылады.

12. Қалтқының көмегімен сулы-спиртті ерітіндінің шоғырлануын өлшеу кезінде кінәратты айқындау

58. Қалтқының көмегімен сулы-спиртті ерітіндінің шоғырлануын өлшеу кезінде кінәратты айқындау спиртометрикалық тетікті дұрыс реттеу кезінде аппарат сусыз спиртті есептеуде дұрыс емес көрсеткіштер берген жағдайларда жүргізіледі. Қалтқыны сынақтан өткізу спирттің 20С ($\pm 0,5$ С) температурасы кезінде қабылдау цилиндрінде жүргізіледі.

59. Қалтқы сулы-спиртті ерітіндіге батырылады және аспалы приборға сымға ілінеді. Спиртті мезгіл сайын араластыру кезінде қалтқы 35-40 минут бойы

ұ с т а л а д ы .

60. Өлшеуіш барабанды айналдыра отырып спиртометрикалық шәкілді сілтеме көрсеткішпен түйіскенге дейін келтіреді. Шәкілдің сілтеменің ұштығы шегімен түйісу нүктесін айқындайды. Спирттің шоғырын айқындау кезінде шәкілде цифрлармен белгіленген бөліністер ғана емес, тістердің арасындағы әрбір аралықтың спиртометрикалық мәні назарға алынады, мұнда шәкілде ұштықтың ең жақын елеулі шекке дейінгі жоғары немесе төмен қозғалысы е с е п к е а л ы н а д ы .

Бұл ретте шәкіл тістерінің арасындағы аралықтардың спиртометрикалық мәні түрлі диапазондарда бірдей емес (4-қосымша).

61. Шәкілдегі сілтеме көрсеткіштер нәтижелерін есептеген соң бірден қалтқының болу аймағынан түтікшемен спирт шыны цилиндрге алынады және оның шоғыры "Сулы-спиртті ерітінділер. Этил спиртінің шоғырын айқындаудың әдістері" 3639-79 МЕМСТ бойынша айқындалады.

62. Шәкіл бойынша айқындалған спирттің шоғырын 3639-79 МЕМСТ бойынша табылған шоғырмен салыстырады. Қалтқы бойынша спирт шоғырының көрсеткіштеріндегі жол берілетін салыстырмалы ақаулық $\pm 0,2\%$ аспауы тиіс.

М ы с а л ы :

көрсеткіш тілше ұштығы шегінің спиртометрикалық шәкілмен түйісу нүктесі - 95,0 және 6 тістен жоғары. Кесте бойынша (4-қосымша) 97,5 және 95,0% - 0,16% арасындағы диапазонда тістердің аралығындағы арақашықтықтың спиртометрикалық мәнін табамыз. Қалтқының көмегімен айқындалған спирттің ш о ғ ы р ы м ы н а н ы қ ұ р а й д ы :

$$95,0 + 6 \times 0,16 = 95,96 \%$$

Өлшеу кезінде цилиндрдегі спирттің шоғыры 96,0% болды. Осыған орай қалтқының көмегімен спирттің шоғырын өлшеудегі салыстырмалы кінәрат м ы н а д а й б о л а д ы :

$$\frac{(95,96 - 96,0) \times 100}{95,96} = -0,04 \%$$

95,96

63, $\pm 0,2\%$ астам салыстырмалы кінәрат алынған кезде қалтқы ақаулы деп танылады және есептен шығарылуға жатады.

13. Температуралық түзетуді есептеу мен енгізудің әдістемесі

64. Спиртометрикалық тетіктің есебі 20С температура, аппаратқа келіп түсетін спирттің температурасы 4С-тен 30С кезінде сулы-спиртті ерітіндінің шоғырын өлшеу үшін жүргізіледі.

65. Сусыз спирттің мөлшерін дұрыс өлшеу үшін спиртометрикалық тетікке эксцентрикті қайта қою арқылы температуралық түзету енгізу қажет.

66. Спиртті артезиан суымен салқындатқан кезде температуралық түзетулер спиртометрикалық аппаратқа жылына бір рет есептелінеді және енгізіледі.

67. Өзен (тоған) немесе орталықтандырылған желі суын қолданған кезде түзетулер спирт температурасы 5С-8С-қа өзгерген сайын есептеледі және а п п а р а т қ а е н г і з і л е д і .

68. Спирттің температурасы аппаратшылардың П-21 нысаны журналындағы (5-қосымша) жазбалары бойынша айқындалады. Ретке келтіруді жүргізуден 5-6 тәулік бұрын спирт температурасының сағат сайынға жазбасын іріктеу нәтижелері жүргізіледі және орташа шама есептеп шығарылады.

Түзетулердің есебі кестелердің (6 және 7-қосымшалар) көмегімен жүргізіледі.

69. Кестеге сәйкес (6-қосымша) сусыз спирттің мөлшерін есептеудегі спиртометрикалық тетіктің салыстырмалы есептік кінәратының шамасы, осы шоғырлану кезінде спирт аппараты арқылы өтетін температураның түзету коэффициентінің есебі үшін негіз болып табылады.

Егер спирт шоғыры бөлшек санмен берілген болса, салыстырмалы кінәрат шамасы интерполирлеу арқылы табылады.

М ы с а л ы :

аппаратқа келіп түсетін сулы-спиртті ерітіндінің шоғыры 96,3%-ке тең және температураның орташа мәні 10С. Кесте бойынша аппараттың салыстырмалы есептік кінәратын айқындау үшін 10С температура және 96,0-алу 1,02 шоғыр кезіндегі кінәраттың мәнін табамыз; 97,0-минус 1,03; 96,3-Х,

Пр о п о р ц и я қ ұ р а м ы з :

$$\begin{array}{rcccl} - 1,03 & - & X & - 1,03 & - (-1,02) \\ \hline & = & & & \\ 97,0 - 96,3 & 97,0 - 96,0 & & & \end{array} ; X = -1,02\%.$$

Демек, 10С температурада және 96,3% (көлемі бойынша) сулы-спиртті ерітінді аппарат арқылы өткен кезінде өлшеу қателігі алу 1,02% болады. Алу белгісі сусыз спирттің мөлшерін өлшеудің нәтижесі 20С температура кезінде

болғаннан осы шамаға аз болатындығын көрсетеді.

70. Өлшенетін спирттің температурасы бойынша спиртометрикалық тетіктің салыстырмалы есептік қателігін айқындаған соң сусыз спирттің мөлшерін өлшеуде қатеге жол бермеу үшін эксцентриктің білігін қанша бөлікке бұру керектігін айқындау қажет (7-қосымша).

Бұл ретте спирт өндіретін ұйымдарда орнатылған аппараттарда эксцентриктің шәкілі цифрлармен белгіленеді.

71. Спирттің температурасы 20С кезінде аппараттардың эксцентриктік тәуекелін есептеу шегінің цифрлық мәнін аппаратты өндіруші ұйым есептейді және аппараттың төлқұжатында тіркеледі.

Спирттің температурасы 20С кезінде аппараттардың эксцентриктік тәуекелін есептеу шегінің цифрлық мәні эксцентриктің 15 циферблатына бөлініп орналасады.

72. Аппараттың жетекші доңғалағы бойынша көрсеткіштерді тексеру арқылы есептеудің белгісі ретінде қабылданатын доға тәуекеліне қарама-қарсы эксцентрик циферблатының бөлінісі айқындалады.

73. Спиртометрикалық тетікке түзету енгізілген кезде (температуралықтан басқа) жетекші доңғалақ бойынша тексерудегі ауытқу шамасы мен спирттің шоғырлануын қалтқымен өлшеудің кінәраты ескерілуі тиіс.

14. Аппараттың жалпы есептік кінәратын айқындау

74. Аппараттың жалпы есептік кінәратын айқындау үшін мынадай кінәратты табамыз:

жетекші доңғалақ бойынша тексеру кезінде;
қалтқы бойынша;
температура бойынша.
Мысалы:

Жетекші доңғалақ бойынша тексеру кезіндегі кінәрат. "100" гірлері кезінде + 1 алдық. Кесте бойынша (7-қосымша) шәкілді 15-ке бөлуде түзету шамасы айқындалады. Ол $1 \times 0,24 = 0,24\%$ құрайды.

Қалтқы бойынша кінәрат. 64-тармақтағы мысалдың нәтижелері қабылданады. Қалтқының көмегімен спирттің шоғырлануын өлшеудегі кінәрат алу $0,04\%$ құрайды.

Спирт температурасы бойынша кінәрат. Аппаратшылардың П-21 нысанды

журналы бойынша (5-қосымша) жұмыстың соңғы 5 тәулігінде тексеру шамындағы температура 9С-11С шектерінде ауытқығанын айқындаймыз. 10С-қа тең болатын орташа температураны аламыз. Құю талондары бойынша сулы-спиртті ерітіндінің орташа шоғырлануы соңғы 4-5 өлшеуде спиртті беру кезінде спирт-айырғыш үшін 96,4 % және шикі спирт - 88,5% болғандығын табамыз. Кесте бойынша (3-қосымша) 10С температурада сусыз спирттің көрсеткіштерінде аппараттың салыстырмалы кінәратын айқындалады:

$$\frac{-1,03}{97,0 - 96,4} - X = \frac{-1,03 - (-1,02)}{97,0 - 96,0} ; X = -1,02.$$

Жалпы есептік кінәрат мынаны құрайды:
 $0,24 + (-0,04) + (-1,02) = \text{минус } 0.82\%.$

75. Кесте бойынша (7-қосымша) сусыз спирттің мөлшерін өлшеуде есептік кінәратты болдырмау үшін эксцентриктің білігін қанша бөлікке бұру керектігін айқындаймыз. Бұл жағдайда эксцентрик білігінің бұрылуы цифрлардың өсу жағына қарай жүргізіледі.

Кесте бойынша (7-қосымша) 15 бөліністен есептеу жүргізіледі.

Спирт-айырғыш үшін 15-тен 16,5-ке дейінгі бөліністердің аралығындағы түзетулердің мәні 0,84 % құрайды.

Есептік кінәратты болдырмау үшін, спирт-айырғышты өлшеу кезінде эксцентриктің білігі 16,5 және 17,0 бөліністерінің аралығындағы ортаға, яғни 16,75-ке қойылады.

15. Спиртометрикалық тетікке түзету енгізген соң оның жұмысын тексерудің әдістемесі

76. Спиртометрикалық тетікке түзету енгізген соң цилиндрдің қабылдағышына спирт құяды және оған қалтқыны түсіреді, ол аспалы прибордың сақинасына ілінеді. Сулы-спиртті ерітіндінің цилиндрдің қабылдағышындағы температурасы тура жұмыс күйіндегісіндей болуы керек. Қалтқы спирттің температурасын қабылдауы тиіс.

77. Аппаратқа екі есептегіш орнатылады, оның көрсеткіштері сусыз спиртті есептегіш бойынша 0,1 дал және спиртті есептегіш бойынша 0,5 дал дәлдікпен жазылады.

78. Спирт есептегіш аппаратта бес тесікше болады. Әр тесікшеден бір немесе екі цифр көрінеді. Соңғы жағдайда ең кіші цифр есептеледі. "0" ондықтың аяғы

болғандықтан, "9" цифрынан үлкен. Сусыз спирт есептегішіндегі кішкентай тесікшедегі қосымша алтыншы сақина барабаннан құйылған сусыз спирттің әрбір литрін есептейді.

Спирт есептегішті орнына қондыру кезінде, дөңгелектің бірліктерін саусақпен екі жаққа қарай айналдырумен олардың дұрыс жиналғаны алдын ала тексеріледі. Егер осы жағдайда барлық тесікшелерде, оның ішінде және литр, "9" цифры "0" цифрына бір мезгілде және тез немесе керісінше айналса, онда есептегіш дұрыс құрылған.

79. Спирт есептегішті винтпен бекіткеннен кейін, шәкілді сол жаққа бұрып қойып, оның көрсеткішін шығу шегіне дейін барабанды біресе ары біресе бері айналдыру ұсынылады. Осы кезде сусыз спирттің есептегіштегі көрсеткіші жетекші дөңгелекті айналдырумен тек алға ауыстырылуы мүмкін.

Сусыз спиртке есептегіш қою кезінде оның көрсеткіштері кейін жылжытылады, ал содан соң винттермен бекітілгеннен кейін, жетекші дөңгелекті жылжытумен бұрынғы цифрларға қойылады.

80. Өлшейтін барабанның айналысы қолмен ырғаусыз жаймен спирттің есептегіші 20-30 далды есептегенге дейін жүргізіледі.

Сусыз спирт есептегіші көрсеткіштеріндегі айырмашылық спиртті есептегіштің көрсеткіштеріндегі айырмашылыққа бөлінеді.

81. Цилиндрден алынған спирттің порциясында шоғырлану, цилиндрде - спирттің температурасы айқындалады. Содан соң стандарттау, метрология және сертификаттау бойынша уәкілетті органның (бұдан әрі - Мемстандарт) "Этил спиртінің сулы-спиртті ерітіндідегі құрамын айқындауға арналған кестелер" атты 5-кестесі бойынша көбейткіш табылады.

82. Табылған көбейткіштер бойынша спирт өлшейтін аппараттың кінәраты мынадай формула бойынша айқындалады:

$$C = \frac{(M_c - M_t)}{M_t} \times 100,$$

мұндағы M_c - есептегіштер бойынша айқындалған көбейткіш,
 M_t - кесте бойынша айқындалған көбейткіш,
 C - аппараттың кінәраты, %.

Жоғарыда көрсетілген тексеруді жүргізу уақытында цилиндрде спирттің қажетті температурасын ұстап тұру мүмкін болмаған кезде, аталған тексеруді сулы-спиртті ерітіндінің температурасы тұрақты болған жағдайда жұмыс істеп тұрған аппарат жұмысының үстінде жүргізіледі.

83. Аппараттың кінәратын тексеру үшін аппараттың кінәратының орташа арифметикалық мәні кесте бойынша табылған мәнінен $+(-)0,2\%$ ерекшеленбейтіндей етіп, спиртометрикалық тетіктің жұмысына үш тексеруден кем емес тексеру жүргізіледі.

М ы с а л ы :

цилиндрдегі температура - 10°C , сулы-спиртті ерітіндінің шоғырлануы - $96,5\%$. Мемстандарттың 5-кестесі бойынша табылған көбейткіш $M=0,9753$. Барабанды айналдыру кезінде есептегіштер бойынша мынадай нәтижелер алдық:

- сусыз спирттікі, дал	24,4	26,3	22,4
- спирттікі, дал	25	27	23,5
- аппарат бойынша көбейткіштер:	0,9760	9741,0	0,9745

Аппарат үшін көбейткіштің орташа арифметикалық мәні:

$M_c = 2,9246: 3 = 0,9749$, сонда кінәраттық мынаны құрайды:

$$C = (0,9749 - 0,9754) \times 100 = -0,0005 \times 100 = -0,05$$

